

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ОҚЫТУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШЛІКТІК ТӘРБИЕГЕ ДАЙЫНДАУ

Р.А.Мендешева -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бейнелеу кафедрасының
аға оқытушысы*

Бейнелеу өнерінің болашақ оқытушыларын дайындау мәселесін көптеген педагогтар қарастырып келген. Бейнелеу өнері саласындағы көркем әдеби білімге деген көзқарастар да әртүрлі: зерттеушілердің бір тобы (Н.Н. Ростовцев /1/, Г.В. Беда /2/, К. Болатбаев, А. Накисбеков /3/, Е.Ф. Кузнецов /4/), білім беру қызметінің осы түрін өнер саласындағы немесе экономика, білім, мәдениеттің өнермен байланысты салаларының әртүрлі деңгейдегі мамандар дайындығы ретінде қарастырады; ал зерттеушілердің келесі тобы (Б.М. Неменский /5/, А.А. Мелик-Пашаев /6/) әртүрлі көкейтесті міндеттерді шешуге ықпал ететін білім беру үрдісінің педагогикалық технологиясы ретінде; зерттеушілердің үшінші тобы (Л.С. Выготский /7/, Ю.Н.Хижняк /8/, А.А. Вилкова /9/, Б.А. Альмухамбетов, Б.К. Кудышева /10/), тәрбиеленген құндылықты алып жүретін тұлғаны дамыту және жетілдіру мақсатында жаңа ұрпақты мәдени өндіретін маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырады. Біз өз зерттеуімізде өнерге қатысты еңбек ету мен адамгершілікке тәрбиелеумен байланыстыруды қажет деп табатын және дайындыққа әзірлік деп тұлғаның өзін, оның барлық компоненттерінің болайын деп тұрған іс-әрекетке (оның идеялық-мінез-құлықтық ұстанымындарын, шығармашылықтық еңбекке ұмтылысын) және осы белсенді ұстанымын жүзеге асыруға қажетті білім және іскерлік жүйесін меңгеруге талап қоятын соңғы топ зерттеушілерінің пікірін қолдаймыз. /11/.

Жоғарыда айтылып өткен зерттеулерге сүйене келе, біз болашақ бейнелеу өнері оқытушыларының мамандық қызметіне дайындығы жауапкершіліксіз қолөнершіні емес, қоғам дамуының болашақ жағдайын түсінетін, жасау идеяларымен рухтанған, жоғарғы талапқа сай мамандарды әзірлеуге негізделуі тиіс деген қорытынды жасаймыз. Бұл тұлғаның шығармашылық өзін-өзі негіздеу және өзін-өзі анықтауы үшін қажетті шарттарды түзу үрдісі ретінде білімді гуманизацияландыру міндеттерін шешуді талап етеді.

«Дайындық» ұғымын болашақ педагогтарды дайындаудың жеке аспектілеріне қатысты қолданып, қарастырған қазақстандық педагогтар: Н.Н.Хан, Ш.Ж.Колумбаева, К.М.Мухамеджанов, Г.К.Айжанова, Л.А.Ивахнова және басқалар. Бұл зерттеулердің көпшілігі бүтін педагогтық үрдісі саласында өткізілгендіктен, педагогикалық іс-әрекеттің «дайындығы» - арнайы оқыту және өзіндік іс-әрекет тәжірибесінің және үш құрамды бөлік: мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық және процессуальдықты қамтитын белгілі-бір білім мен іскерлік сияқты педагог тұлғасының мамандығы үшін маңызды сапа элементтерінен тұратын жағдайдың ықпалымен қалыптасатын

күрделі білім деп келетін Н.Д. Хмельдің пікірімен келіспеуге болмайды.

Н.Д. Хмельдің пайымдауынша, педагогикалық білім берудің мақсаты бүтін педагогикалық үрдіс ерекшеліктері мен гуманистік бағыттылыққа сәйкес келуге тиісті педагог құзіреттілігінің, оның қабілеттерінің өз күшімен дамуы, мамандану мақсаттарды жауапкершілікті шеше білуі және өзінің кәсіптік мәдениетін және тұлғалық мәдениетті үздіксіз жетілдіруі болып табылады. Біз өз зерттеуімізде осы көзқарасқа сүйене отырып, бейнелеу өнері құралдарының көмегімен оқушыларды гуманистік, адамгершіліктік мәдениетті қалыптастыруға болашақ педагогтардың дайындығын – тұлғада себептілік-құндылықтық, мазмұндық, технологиялық және шығармашылықтық компоненттерді біріктіретін бүтін педагогтық білім деп қарастыруымызға болады /12/.

К.М.Мухамеджанов, болашақ оқытушылардың оқыту үрдісінде оқушылармен шығармашылықтық өзараәрекеттілікті ұйымдастыруға дайындығын зерттей келе, болашақ оқытушылар үшін зерттелудегі сапаны қалыптастыруды олар кәсіптік қызметті бастағанға дейін, яғни институт қабырғасынан бастау қажет деп санайды. Н.Д. Хмельдің кәсіптік білім беру теориясына сүйенсек, ғалым берілген дайындық үрдісіне себептілік, мазмұндық, операциялық компоненттерді қосады /13/.

Г.К. Айжанова, болашақ оқытушының бүтін педагогикалық үрдісте жасөспірімдердің тұлғалық өзінбекіту үрдісін ұйымдастыруға дайындығын қарастыра отырып, баяндалған дайындықты кәсіптікке бағытталған барлық педагогикалық үрдістің ұсынылған іс-әрекет саласындағы тұлғаның бүтін білімі ретінде сараптайды /14/.

Л.А. Ивахнова пән оқулықтары мазмұнын жүйелеуге бейнелеу өнері оқытушысының дайындығын шығармашылық қызмет тәжірибесі мен шынайы құбылыстарды бейнелеу және көркемдік таным әдістері және көркем шығармашылық, бейнелеу қызметі тәсілдері, іскерліктері, білімі арқылы мәдениет бөлігі ретінде оқыту пәнінің мазмұнын түсіну арқылы ашады /15/.

Жоғарыда келтірілген негіздерге сүйене отырып, болашақ оқытушының жасөспірімдерде бейнелеу өнері құралдарымен адамгершіліктік мәдениетті қалыптастыруға дайындығы мәселесінің келесі анықтамасын ұсынамыз.

«Болашақ оқытушының жасөспірімдерде бейнелеу өнері құралдарымен адамгершіліктік мәдениетті қалыптастыруға дайындығы» - бұл оқушыларды бейнелеу өнері құралдарымен адамгершіліктікке тәрбиелеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін іскерлік, қабілет, білімнен тұратын тұлғаның интегративті сапасы.

1. Ростовцев Н.Н. *Методика преподавания изобразительного искусства в школе: Учеб. для вузов / 3-е изд., доп. и перераб.* - М.: Агар; Рандеву-АМ, 2000. - 251 с.

2. Беда Г.В. *Живопись: Учеб. для студентов пед. ин-тов по спец.*

№ 2109 «Черчение, изобраз. искусство и труд». – М.: Просвещение, 1986.- 192 с.

3. Болатбаев К., Накисбеков А. Бейнелеу өнері пәні бойынша студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге үйрету: Методическое пособие для студентов ХГФ.- Алматы, 1992 - с.44.

4. Кузнецов Е.Ф. Постановка глаза рисующих в работе с натуры: Учебное пособие.- Курск: КГУ, 2008. - 171с.

5. Неменский Б.М. Мудрость красоты: О проблемах эстет. воспитания. Кн. для учителя.- М.: Просвещение, 1981.-192 с.

6. Мелик-Пашаев А.А., Новлянская З.Н. Ступеньки к творчеству: художественное развитие в семье.- М.: Педагогика, 1987.- 144 с.

7. Выготский Л.С. Психология искусства. – СПб.: Азбука, 2001.-416 с.

8. Хижняк Ю.Н. Как прекрасен этот мир: из опыта работы по нравств. - эстет. воспитанию школьников: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1986.- 159 с.

9. Вилкова А.А. Культурология: Учебно-методический комплекс /Н.В. Лакаева, А.А. Вилкова; Ульянов.гос.техн.ун-т. - Ульяновск: УлГТУ, 2003. - 132 с.

10. Альмухамбетов Б.А., Кудышева Б.К. Человекосозидающий потенциал искусства // Научно-методический журнал «Творческая педагогика» - Алматы.- 2007. - № 3 (32). - 112 с.

Резюме

В статье рассматриваются возможности учебного предмета «Изобразительное искусство» в формировании гуманистического мировоззрения школьников. Автор анализирует труды известных ученых, художников-педагогов.

Summary

The article touches the way of forming humanistic culture in pupils studying with help of fine arts. In particular, theoretical and practical aspects from examples of world, Soviet, Kazakhstan pedagogies, on the given question.